

Дүйсембеков А. М., оқу-әдістемелік бөлімнің оқытушы-әдіскері, полиция майоры (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Тіл сабақтарындағы инновациялық технология туралы

Аннотация. Мақалада қазақ тілін оқыту барысында мемлекеттік тіл ретінде инновациялық және мультимедиялық технологияларды қолдану мәселесі қарастырылады. Автор инновациялық технологиялар коммуникативті және когнитивті еп-дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді деп есептейді.

Кілт сөздер: пікірсайыс, іздену, ақпарат, ынта, қызығушылық, тапқырлық, зейін, байқампаздық, қалыптастыру бағыт, мәселе, бағдарлама.

Тіл сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауында мемлекеттік тілдің еліміздің қоғамдық өміріндегі қызмет ету аясын кеңейту, тілді оқу орындарында оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту мәселелеріне назар аударды. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгеруде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда мультимедиялық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады [i]. Өйткені, компьютерді басқа құралдармен салыстырғанда оның басымдылығы жоғары: әртүрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындай алуы; бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы; дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі. Тілді меңгеруде компьютер мынадай мүмкіндіктер береді:

- тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс істей алуы;
- өз қатесін өзі көріп, түзете алуы;
- тапсырмаларға қайта оралуы;

Желілік технологиялар мен мультимедиялық үйретуші бағдарламаларды пайдалану тіл үйретудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, психологиялық тұрғыда компьютер тіл үйренушінің қызығушылығын, ынтасын арттыруға және әрбір жұмыс барысында қысылмай, өз білімін еркін қолдануына мол мүмкіндік береді.

«Мультимедия» латын тілінен аударғанда «көп орта» деген мағынаны білдіреді. Мультимедия — қазіргі заманғы компьютерлік құралдарды пайдаланып, интерактивті бағдарламамен қамтамасыз ету. Мәтінді, дыбысты, бейнені біріктіріп пайдалану. Мультимедия — бұл ақпараттық технологиялы гипертексті құрылым [ii].

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технологияның кейбір аспектілерін даралап көрсетуге болады:

1. Курсанттардың оқу үрдісіне қызығушылығын арттыру.
2. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, оны жетілдіру.
3. Кең көлемде дамытып, білімді терең игеруіне жағдай жасау.
4. Білім сапасын арттыру.

Инновация дегеніміз — ол тек аудио, бейне, компьютер ғана емес, ол жаңа әдіс-тәсілдердің, идеялардың жиынтығы.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу курсанттардың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты. Инновациялық үдерісті жүзеге асыру үшін төмендегідей жұмыс істелуі керек:

Біріншіден, оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс- тәсілдерін қолдану.

Екіншіден, курсанттардың ойлау қабілетін, жаңалықтарды тең қабылдауын қалыптастыру.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады. Курсанттардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысын және олардың танымдық белсенділігін арттырады. Орфографиялық, лексикалық дағдыларын қалыптастырады [iii].

Сонымен қатар, оқу процесінде ойын алдыңғы орында тұрады. Ойын — қоғамдық тәжірибені қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеттің бір түрі, яғни, тәртіпті, өзін-өзі басқаруды жетілдіреді.

Сабақта ойын элементтерін қолдану курсанттардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді, іздендіреді. Ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдалануға болады:

Біріншіден, курсанттардың сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыру, тілін дамыту, екіншіден, курсанттарды тапқырлыққа баулу, зейінін, байқампаздығын арттыру және ойлау қабілетін дамыту.

Қазақ тілін үйретудегі негізгі мақсат — курсанттардың тілдік қорын дамыту, іс жүзінде ауызша сөйлей білуге үйрету, сонымен қатар, тәрбиелік жағына да мән беру, қазақ халқының мәдениетімен, тарихымен, әдебиетімен таныстыру [iv]. Коммуникативті әдіс курсанттар мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады. Яғни, бұл әдістің мақсаты — курсанттардың практикалық сөйлеу тілін дамыту. Қатысымды сөйлеу жағдаятын (ситуация) тудырудың маңызы зор. Сөйлеу жағдаятына мысал келтірсек:

1. Сіз Алматыға билет алайын деп келдіңіз. Кассирден билет сұрадыңыз.
2. Сіз кітапханаға келдіңіз. Өзіңізге қажетті кітапты сұрадыңыз.

Мұндай жағдаят тапсырмалар курсанттардың қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттырып, сөйлемдер құрастыруына мүмкіндік береді.

Пікірсайыс әдісі шығармашылық ойды, курсанттар мен оқытушының арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Курсанттардың белсенді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Пікірсайыстың тақырыбы алдынала беріліп, курсанттар сол тақырып көлемінде дайындалады. Басты шарт-тақырып әртүрлі көзқараста, пікірталас туғызатындай болуы керек. Курсанттардың тақырып жөнінде айтылған сөздерінің грамматикалық жағынан дұрыс болуы, курсанттар сөзінің дәлдігі, ойға сыйымдылығы ескеріліп отырады. Әр курсанттардың сайыс кезінде тақырыптан ауытқымай шебер сөйлеу ерекшелігі, курсанттардың шешендік қасиеті мен сөйлеу мәдениетінің деңгейі бағаланады. Пікірсайыс:

- белгілі бір мәселе жөнінде жай басталады да, екі жақты дауға ұласады;
- әр топ өз көзқарасының дұрыстығына дауласады;
- пікірсайыстың қолданыс аясы, оның уақыты шектеулі, әр курсанттарға өз ойын дәлелдеу үшін 5-10 минут беріледі;
- пікірсайыста төреші жеңімпазды айқындайды;

Пікірсайыс өткізудің маңызы:

- шешендік дағдыны жетілдіреді;
- талқыланып жатқан мәселені жан-жақты қарап, ойлап толғануға, оның деректерін зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, дәлелдеуге жетелейді;
- айтысу этикасын сақтауға және шыншылдыққа тәрбиелейді;
- анық, әсерлі, нақты сөйлеуге баулиды.

Жаңа технологиялық әдістің бір түрі — саралап оқыту тәсілі. Бұл әдіс тіл үйренушінің туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуы мен жан-жақтылығына негізделіп, курсанттардың қабілеті мен қабылдауына байланысты топтарға бөлініп оқытылады. Мұндай әдіс курсанттар мен оқытушының шығармашылық қызметін дамытуға, курсанттарға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Технология — бұл қандай да бір жұмысты, өнерді, шеберлікті іске асыру жиынтығы. Бүгінде жаңа технологиялар өз қолдауын тауып, оқу үрдісінде қолданылуда.

Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әртүрлі әдістері арқылы анықталады. Оқу процесінде оқытудың озық технологиясын қолдану — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Олай

болса, бұл технология оқытушылардың шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңалықтарды дер кезінде қабылдап, өңдеп, оны өз ісінде тиімді қолдана білуін айрықша талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- i. Айтбаева Б., Рахимбаева Б. Қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. // Жаңа инновациялық технологиялар: ғыл.- практ. конф. — Қарағанды, 2005.
- ii. Оразбаева М. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. — Алматы, 2001.
- iii. Өмірбаева Қ. Қазақ тілінің көп деңгейлік оқыту. — Алматы, 2002.
- iv. Қадашева Қ. Қазақ тілі. — Алматы, 2002.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы применения инновационных и мультимедийных технологий при обучении казахскому языку как государственному. Автор считает, что инновационные технологии способствуют развитию коммуникативных и когнитивных навыков и умений.

Resume

In the given article are considered questions of using multimedia and innovate technologies by the teaching of Kazakh language as the state language. The author believe that innovative technologies contribute to the development of communicative and cognitive skills.